



"Испат-Кармет" компаниясының бюджетпен өзара есеп айырысуы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 22 сәуірдегі N 490

"Испат-Кармет" компаниясы мен "Қарағандаэнерго" қазақстандық электр тораптары республикалық мемлекеттік кәсіпорнының бюджетпен өзара берешектерін қысқарту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі "Испат-Кармет" компаниясы алдындағы қосылған құнға салынатын 88,0 (сексен сегіз) млн. теңге сомасындағы салықты қайтару жөніндегі берешекті "Қарағандаэнерго" қазақстандық электр тораптары республикалық мемлекеттік кәсіпорны алдындағы босатылған электр энергиясы мен "Қарағандаэнерго" қазақстандық электр тораптары республикалық мемлекеттік кәсіпорнының қосылған құнға салынатын салық бойынша бюджетке төлемі жөніндегі берешегі үшін "Испат-Кармет" компаниясының берешегін өтеу есебіне есептеу жүргізсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі